

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының
2024 жылғы «____» _____ шешіміне
№ 1 қосымша №____ хаттама

**«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ
ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУДЫҢ
2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ**

Мазмұны

1-бөлім. Қолданылу аумағы	3
2-бөлім. Анықтамалар мен қысқартулар	4
3-бөлім. Жалпы ережелер	7
4-бөлім. Стратегияның негізгі функциясы, міндеттері, қағидағтары	9
5-бөлім. ӨҚ функцияларының ұйымдық құрылымы	11
6-бөлім. ӨҚ саласындағы ҚТК жүйесі	12
7-бөлім. ӨҚ саласындағы ағымдағы жағдай	13
8-бөлім. ӨҚ саласындағы 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық нысаналы көрсеткіштер	18
9-бөлім. Стратегияны іске асыру механизмдері	24
10-бөлім. Стратегияны іске асыру мониторингі	24
11-бөлім. Күтілетін нәтижелер	25

1-бөлім. Қолданылу аумағы

1. Осы «Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған стратегиясы (бұдан әрі - Стратегия) «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі - Қор) өндірістік қызметті жүзеге асыратын, тікелей немесе жанама Қорға тиесілі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы бар «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі - Қор) портфельдік компанияларындағы өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне қолданылады. Стратегияның талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қордың және портфельдік компаниялардың корпоративтік басқару нормаларына қайшы келмейді.

2-бөлім. Анықтамалар мен қысқартулар

2. Стратегияға қатысты мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) **Қор тобы** - Қор, Компаниялар, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы Компанияларға тиесілі еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Компаниялардың көрсетілген еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар;

2) **Кешігетін индикаторлар** - бір мезгілде бір немесе одан көп кедергілерді (бөгеттерді) көрсететін тәуекелдерді басқару жүйесіндегі дәрежені және нақты салдарларды бағалауға арналған индикаторлар;

3) **Жол-көлік оқиғаларының коэффициенті (Motor Vehicle Crash Rate, MVCR)** - Қор тобы жұмыскерлерінің кінәсінен (үшінші тараптың кінәсінен ЖКО-ны есептемегенде) соңғы 12 айда болған, 1 миллион км-ге көбейтілген және Өткен километрге бөлінген жол-көлік оқиғаларының (бұдан әрі - ЖКО) саны (соңғы 12 айда);

4) **Өлім жағдайларының коэффициенті (Fatality Accident Rate, FAR)** - соңғы 12 айда 100 миллион адам-сағатқа көбейтілген және жұмыс істеген адам-сағаттың жалпы санына бөлінген (соңғы 12 айда) өлім-жітіммен аяқталған Жазатайым оқиғаларда зардап шеккендердің саны;

5) **Жұмыс уақытын жоғалтқан жарақаттар коэффициенті (Lost Time Injury Frequency, LTIF)** портфельдік компаниялар - соңғы 12 айда еңбек қызметіне байланысты 1 миллион адам-сағатқа көбейтілген және жұмыс істеген адам-сағаттың жалпы санына бөлінген Жазатайым оқиғаларда зардап шеккендердің (оның ішінде қайтыс болғандардың) саны (соңғы 12 айда);

6) **Жұмыс уақытын жоғалтқан жарақаттар коэффициенті* (Lost Time Injury Frequency, LTIF*)** Қор тобы бойынша - 12 есепті айда еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларда зардап шеккен, болған және есепке алынған, өндірістік жарақаттың ауырлық дәрежесі туралы қорытындыға сәйкес ауыр өндірістік жарақатқа жататын (оның ішінде қаза тапқандар), 1 миллион адам-сағатқа көбейтілген және жұмыс істеген адам-сағаттың жалпы санына бөлінген компания жұмыскерлерінің саны;

7) **«Самұрық-Қазына» АҚ қоры тобы үшін өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандарт (Корпоративтік стандарт)** - Қор тобындағы өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесіне қолданылатын стандарт;

8) **Түзету іс-шарасы** - анықталған сәйкессіздіктің немесе басқа жағымсыз жағдайлардың себептерін жою және оның қайта туындауын болдырмау үшін қолданылған іс-әрекет;

- 9) **Қауіпсіздік мәдениеті** - бұл ұйымдар қызметінің және жекелеген адамдардың мінез-құлқының сипаттамалары мен ерекшеліктерінің жиынтығы, ол өндірістік қауіпсіздік проблемаларына жоғары басымдыққа ие ретінде олардың маңыздылығымен айқындалады;
- 10) **Қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар** - заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарымен, оның ішінде ұйымның саясатымен және ішкі нормативтік құжаттамамен айқындалатын өндірістік қауіпсіздік саласындағы мақсаттарды орындауға бағытталған ұйымның жоспарланған нақты қызметі;
- 11) **Микрожарақат** - (ағылшынша First Aid Case) бір реттік өңдеумен және медициналық көмек көрсетуге немесе одан да ауыр жарақат алуға әкеп соқпайтын елеусіз сызаттарды, кесіктерді, күйіктерді, тікендерді және т.б. кейіннен қараумен шектелетін алғашқы көмек көрсету жағдайы;
- 12) **Нөлдік жарақат (Vision Zero)** - бұл өндірістің барлық деңгейіндегі жұмыскерлердің қауіпсіздігі, еңбек гигиенасы және әлауқаты сияқты үш бағытты біріктіретін профилактиканы ұйымдастыру жөніндегі тәсіл;
- 13) **Алдыңғы индикаторлар** - тәуекелдерді басқару жүйесін қолдаудың тиімділігін көрсететін тәуекелдерді басқару жүйесіндегі дәрежені және нақты салдарларды бағалауға арналған индикаторлар;
- 14) **Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспары** - жұмыскерлер арасында жарақаттануды азайтуға және еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыруға бағытталған жыл сайынғы іс-шаралар жоспары;
- 15) **Қауіпсіздік бойынша мінез-құлық аудиттері/бақылау/диалогтар (ҚМА/ҚМБ/ҚМД)** - барлық деңгейдегі басшылар, барлық санаттағы мамандар, жұмыскерлердің өкілдері және өндірістік қауіпсіздік қызметінің жұмыскерлері өндірістік объектілерге, жұмыстарды орындау орындарына баратын, жұмыскерлердің іс-қимылын бақылайтын және жұмыстың қауіпті немесе қауіпсіз әдістерін талқылайтын және жұмыскерлерді өндірістік қауіпсіздік талаптарын белсенді сақтауға тартатын бақылау;
- 16) **Мердігер ұйым** - келісімшартқа (шартқа) сәйкес Қордың портфельдік компанияларының аумағында немесе мүдделерінде жұмыстарды орындайтын, қызметтер көрсететін немесе тауарлық-материалдық құндылықтарды жеткізетін және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасына әсер етуі мүмкін заңды немесе жеке тұлға;
- 17) **Саясат** - өндірістік қауіпсіздік саласындағы Қордың даму бағыттары мен ниеттері, қызметінің қағидаттары мен басымдықтары туралы өтініш;
- 18) **Өндірістік қауіпсіздік бойынша көрсеткіштер** - өндірістік қауіпсіздік саласындағы портфельдік компаниялардың қызметін сипаттайтын көрсеткіштер;

- 19) **Портфельдік компаниялар (ПК)** - дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалар;
- 20) **Ықтимал қауіпті оқиға (Near Miss)** - жарақат алуға және залал келтіруге әкеп соқпаған оқиға;
- 21) **Проактивті құралдар (әдістер)** - бұл қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, сондай-ақ жедел және нүктелі жою жолымен жұмыскерлер мен қоршаған ортаға теріс салдардың пайда болуынан озуға бағытталған тәсіл;
- 22) **Өндірістік қауіпсіздік (ӨҚ)** – ПК-нің нақты процестері ретінде негізгі бағыттар және радиациялық, ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі және т.б. сияқты еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы процестерді қамтитын басқару жүйесі;
- 23) **Оқиға** - ПК өндірістік қызметінің нәтижесінде немесе процесінде болған, еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаға, өртке, жарылысқа, аварияға, инцидентке немесе істен шығуға, жол-көлік оқиғасына немесе ПК бизнесі мен беделіне әсер ететін кез келген өзге де оқиғаға әкеп соққан немесе әкеп соқтыруы мүмкін кез келген жоспарланбаған оқиға;
- 24) **Кәсіби ауру** - жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін орындауына байланысты оған зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен болған жіті немесе созылмалы ауру;
- 25) **Қауіп** - еңбек қызметі процесінде осы оқиғадан туындаған қауіпті оқиғаның, жарақат ауырлығының немесе адам денсаулығына басқа да залалдың туындау ықтималдығының үйлесімділігі;
- 26) **ЕҚБЖ** - еңбекті қорғауды басқару жүйесі;
- 27) **Қор** – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы.

3-бөлім. Жалпы ережелер

3. Қор – тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету және активтердің әртараптандырылған портфелін тиімді басқару және Қазақстан Республикасының мүддесі үшін бизнесті қолдау арқылы ұзақ мерзімді құн жасау миссиясы болып табылатын ұлттық басқарушы холдинг.

Қордың стратегиялық мақсаттарының бірі – орнықты даму қағидаттарын енгізу. Адамдардың әл-ауқаты, экологиялық тепе-теңдік және бұл ретте озық бизнес-практикалар мен корпоративтік басқару қағидаттары негізінде ұзақ мерзімді қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету түйінді факторлар болуға тиіс. Бұл активтердің ұзақ мерзімді құнын ұлғайтуға, инвестициялық тартымдылықты арттыруға ықпал ететін болады.

Қор Қазақстан Республикасындағы ең ірі жұмыс беруші. Қор тобы жұмыскерлерінің саны – 250 мыңнан астам адам, бұл ретте өндірістік персоналдың үлесі жалпы санынан 92,48%-ын құрайды.

Қордың тобына тау-кен металлургия кешені, мұнай, газ, химия, атом, энергетика өнеркәсібі, әуе, темір жол тасымалдары, телекоммуникациялар және логистика ұйымдары кіреді. Осылайша Қордың құрылымында Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің барлық негізгі салаларының ұйымдары ұсынылған, бүкіл әлемде дәстүрлі түрде қызметтің ерекшелігіне қарай авариялар мен жазатайым оқиғалардың туындау қаупі жоғары өндірістердің неғұрлым қауіпті түрлерімен лайықты танылған.

4. ӨҚ басқару жүйесін жетілдіру және жарақаттанудың алдын алу мәселелеріне ерекше мән беріледі. ӨҚ-ны қамтамасыз ету – Қор тобындағы кез келген ұйым қызметінің міндетті шарты.

ПК «нөлдік жарақаттануға» қол жеткізуге, еңбекті қорғаудың, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және өз қызметкерлерінің денсаулығын қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға ұмтылады. Сондықтан ұлттық талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес ӨҚ-ны басқару жүйелері тұрақты негізде жетілдіріледі.

5. Қор тобының ӨҚ саласындағы мақсаттары:

- Қор тобының және мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлері арасында «нөлдік төзімділік» қағидаты бойынша өндірістік жарақаттануды төмендету;
- қауіпсіз еңбек мәдениетінің деңгейін арттыру;
- Қор тобы жұмыскерлерінің арасындағы кәсіптік аурулардың «нөлдік» санына ұмтылу;
- өрттердің, авариялар мен инциденттердің «нөлдік» санына ұмтылу;
- жол-көлік оқиғаларының «нөлдік» санына ұмтылу;
- үздік салалық әлемдік тәжірибелерді енгізу;
- ӨҚ процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету.

6. Мақсаттарға қол жеткізу үшін Қор тобының барлық қызметкерлеріне қолданылатын ISO 45001 «Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы менеджмент жүйесі» халықаралық стандартына сәйкес ӨҚ-ны тиімді басқару жүйесін қолдауға тиісті назар аударылады. Осы жүйе шеңберінде Қор тобы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ұлттық заңнамасының талаптарын ұстанады, сондай-ақ жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша үздік салалық әлемдік практикаларды енгізеді.

ӨҚ саласындағы қызмет Өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясатқа және Өндірістік қауіпсіздікті басқару жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Корпоративтік стандартта Қор тобындағы ӨҚ-ны басқару жүйесіне бірыңғай тәсіл қағидаттары келтірілген. Осы орайда Саясатта және Корпоративтік стандартта көрсетілген міндеттемелер ӨҚ мақсаттарын белгілеу және жүйелі басқару үшін негіз болып табылады, сондай-ақ Қордың ПК, мердігерлік ұйымдарға, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерге қолданылатын ӨҚ саласындағы күтулерін белгілейді және Қордың әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі..

ӨҚ мәселелерінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, 2022 жылғы мамырда Қор «нөлдік жарақаттануға» қол жеткізуге бағытталған «Vision Zero» әлемдік тұжырымдамасына қосылды.

Бұдан басқа «Vision Zero» нөлдік жарақаттану тұжырымдамасын ілгерілету шеңберінде 2022 жылғы мамырда «Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі қазақстандық халықаралық конференция мен көрмеде» (KIOSH) Қор, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы (ISSA) арасында өзара түсіністік туралы үш жақты меморандумға қол қойылды. Жұмыс «Vision Zero» 7 «алтын ережесіне» сәйкес жүргізілуде.

7. Жұмыста тәуекелге бағдарланған тәсіл қолданылады. ӨҚ саласындағы тәуекелдерді анықтау ӨҚ-ға ПК қызметінің өткен, қазіргі және ықтимал ықтимал әсерін айқындайтын тұрақты процесс болып табылады. Жұмыстарды жоспарлау кезінде ПК қызметінің барлық түрлері, сондай-ақ мердігерлік ұйымдар мен басқа да контрагенттер, тұлғалар жасалған шарттарға сәйкес, жұмыстардың/қызметтердің жекелеген түрлерін орындау кезінде ӨҚ бойынша талаптарға сүйене отырып орындайтын операциялар қаралуға жатады.

ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқару кезеңдері:

- 1) қауіптерді анықтау (сәйкестендіру) және ықтимал салдарларды анықтау;
- 2) қауіптерді бағалау (ықтималдықты бағалау) және ықтимал әсер ету дәрежесі;
- 3) қауіптерді төмендету үшін іс-шаралар әзірлеу (тәуекелдерді басқару);
- 4) әзірленген іс-шараларды орындау (мониторинг және бақылау);
- 5) іс-шаралардың орындалуын бақылау (тәуекелдер туралы құжаттама және персоналды оқыту, қауіпсіздік мәдениетін қолдау) болып бөлінеді.

Қор тобында ауыр және/немесе өлім-жітім жағдайларының ықтималдығы жоғары төтенше жағдайлардың, авариялардың және жазатайым оқиғалардың туындау тәуекелдерінің тізілімі жасалды, осыған ұқсас тізілімдер ПК-де бар.

4-бөлім. Стратегияның негізгі функциясы, міндеттері, қағидаттары

8. Стратегияның негізгі функциясы – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, үздік әлемдік практикаларды, қауіпсіз жұмыс ортасын қолдау, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды азайту үшін ПК қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, Қордың ӨҚ және оның ПК басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ ӨҚ-те берілген көрсеткіштерімен орнықты дамуды қамтамасыз ету.

Қор тобында ӨҚ-ны қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыру мақсатында ӨҚ бойынша жыл сайынғы Іс-шаралар жоспарлары бекітіледі және іске асырылады. Жоспардың негізгі іс-шаралары: қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру, қауіпсіздік мәселелерінде басшылардың көшбасшылығын дамыту, жабдықтардың сенімділігін қамтамасыз ету, ықтимал төтенше жағдайларды жоюға әзірлік және ақпараттық-түсіндіру жұмысы.

ӨҚ саласындағы мақсаттар мен міндеттер белгіленеді, қажеттілігіне қарай қайта қаралады. ӨҚ саласындағы қызмет нәтижелерінің тоқсан сайынғы мониторингі қол жеткізілетін мақсаттарды белгілеу және кейінгі жылдары ұдайы жақсару үшін пайдаланылады.

ӨҚ-ты дамытудың 4 бағыты бойынша Стратегияның белгіленген нысаналы мәндеріне қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді іске асыру қажет:

1. Адамдар және қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру:

- жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығы үшін тәуекелдер, мүлікке залал деңгейін төмендету;
- Қор тобы ұйымдарының басшылары мен жұмыскерлерінің ӨҚ мәселелеріндегі көшбасшылықты дамыту;
- жұмыскерлердің еңбек жағдайларын және жабдықтардың қауіпсіздік деңгейін жақсарту;
- жұмыскерлердің біліктілігін арттыру және ӨҚ саласындағы жұмыскерлердің білім деңгейін бақылау;

2. Технологиялық жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету:

- ӨҚ саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіру;
- ӨҚ-ты басқару жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- ӨҚ саласында автоматтандырылған шешімдерді енгізу;
- жарақаттанудың алдын алудың белсенді құралдарын енгізу;
- ӨҚ жай-күйіне мониторинг және бақылау жүйесін жақсарту;
- Қор тобының өндірістік объектілерінде қызметін жүзеге асыратын ӨҚ саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-

қимылды қамтамасыз ету;

- *Төтенше жағдайлардың алдын алу:*

- авариялардың алдын алу бойынша профилактика шаралары;
- Аварияларды жою жоспарларының жасалуын және «жұмыс қабілеттілігін» бақылау;
- ТЖ-ға ден қоюға дайындығы үшін материалдық резервті қамтамасыз ету;
- ТЖ-ны жоюға ден қоюға дайындықты арттыру;

4. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы:

- жеке жауапкершілікті дамыту және жұмыскерлерді ӨҚ мәселелеріне тарту;
- ПК мен халықаралық ірі өндірістік компаниялар арасында тәжірибе алмасу;
- ӨҚ саласындағы сараптамалық органы және үздік практикалар платформасын дамыту;
- ӨҚ мәселелері бойынша халықаралық компаниялармен ынтымақтастықты дамыту.

9. Стратегияны іске асыру мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- ескерту шараларының ден қоятын шаралардан басымдығы;
- барлық жұмыскерлерді өндірістегі қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру процесіне, қауіптілік көздерін сәйкестендіру және адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп-қатерді төмендететін шаралар қабылдау процесіне тарту.
- әрбір жұмыскердің өз өмірі мен денсаулығы үшін ғана емес, әріптестерінің де көшбасшылығын, адалдығын және жеке жауапкершілігін қалыптастыру;
- ӨҚ саласындағы құзыреттілік пен біліктілікті ұдайы арттыру;
- қауіпсіз жұмыстың ең төменгі міндетті шарттары ретінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қызметті жүргізу, сондай-ақ ӨҚ саласындағы халықаралық үздік практикаларды ұстану;
- ӨҚ мәселелерін өндірістік қызметтің барлық аспектілеріне, оның ішінде жоспарлау және басқару шешімдерін қабылдау процестеріне ықпалдастыру;
- өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету үшін үздік әлемдік тәжірибелер мен автоматтандырылған шешімдерді пайдалану;
- халықаралық қызметке қатысу, ӨҚ саласындағы бастамалар мен бағдарламаларды қолдау;
- ӨҚ саласында орнықты дамуды қамтамасыз ету;
- ӨҚ-ны басқару жүйесін ұдайы жетілдіру.

5-бөлім. Ұйымдастырушылық құрылымы өндірістік қауіпсіздік функциялары

10. Компанияның ӨҚ функциясының ұйымдастырушылық құрылымы компьютердің масштабын және оның құрылымын ескере отырып құрылады.

ӨҚ қызметтері жұмыскерлерінің штаттық санын жинақтау ҚР заңнамасына, сондай-ақ ПК қызметінің ерекшелігіне сәйкес жүргізіледі.

ӨҚ бөлімшелерінің ұйымдық құрылымын құру үшін рөлдерді бөлудің ұсынылған үлгісі төменде келтірілген.

Үздік тәжірибеге сәйкес ӨҚ функциясын күшейту мақсатында ӨҚ тұрғысынан аса маңызды ірі өндірістік ұйымдарда ӨҚ қызметінің басшысын ұйымның алқалы атқарушы органдарының құрамына бірінші басшының орынбасарларының бірі ретінде қосу ұсынылады.

6-бөлім. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы ҚТК жүйесі

11. ДК-да ӨҚ саласындағы ҚТК жүйесі жұмыс істейді. ҚТК ӨҚ процестерінің тиімділігін басқарудың негізі және ПК стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді.

2024-2028 жылдарға арналған ПК бизнес-жоспарларына нысаналы индикаторлар ретінде LTIF «кешіктірілетін» көрсеткішінен басқа, Мінез-құлықтық бақылаулар/қауіпсіздік аудиттерін жүргізу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша карточкаларды қолдану, мердігерлік ұйымдарға тексерулер жүргізу, қауіпті жағдайларды, іс-қимылдарды және «Near Miss» ықтимал қауіпті оқиғаларды тіркеу және тексеру және басқалар сияқты жазатайым оқиғалардың алдын алудың белсенді құралдарын пайдалану қосылған.

Бұдан басқа 2023 жылы ӨҚ мәселелеріне жауапты CEO-1 деңгейінің басшыларына денсаулық сақтау жөніндегі ҚТК ретінде Non-work related fatality rate (Еңбек қызметімен байланысты емес өлім-жітім жағдайларының коэффициенті) белгіленген.

ӨҚ саласындағы ПК ҚТК-ның орындалуы бақылауда.

7-бөлім. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы ағымдағы жағдай

12. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолында соңғы жылдары Қор тобында жарақаттану деңгейін төмендету жөнінде айтарлықтай жұмыс атқарылды және белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді.

Әлемдік «Vision Zero нөлдік жарақаттану» тұжырымдамасына қосылуына қарай Қор «жеті алтын ережені» іске асыру шеңберінде бизнес жүргізу үлгілерін қайта қарады.

Осы жұмыстың негізгі нәтижелері:

- «Көшбасшы болу - принциптерге адалдықты көрсету» алтын ережесі

Басшылардың ойлауындағы өзгерістер байқалады, көшбасшылар ӨҚ мәселелеріне қатыстылығы мен бейілділігін көрсетеді. Аудиттер, өндірістік объектілерге көшпелі кеңестер саны артты, басшылар жергілікті жерлерде қызметкерлермен диалог жүргізуде, тиісті ақпараттық науқан, форумдар және өзге де іс-шаралар өткізілуде.

Жыл сайын Қорда және ірі ПК-де көшбасшылық пен бейімділікті арттыруға бағытталған басшыларға арналған форумдар, семинарлар, шеберлік сыныптары сияқты ӨҚ бойынша мамандандырылған іс-шаралар өткізіледі. Бұл іс-шаралар өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін тиімді инновациялық шешімдер мен құралдарды қолдану бойынша тәжірибе алмасу алаңы болып табылады.

Бұдан басқа өндірістік алаңдарды ПК CEO-1 деңгейінің басшылары 2 айда кемінде 1 рет кәсіпорындарға барып тексереді. 2022 жылдан бастап ПК CEO-1 деңгейінің басшылары 160-тан астам тексеру жүргізді.

Қорда 2019 жылдан бастап Қор Басқармасы жанынан 13 ірі ДК CEO-1 деңгейінің жауапты өкілдері кіретін Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті (бұдан әрі - HSE комитеті) жұмыс істейді.

Комитеттің негізгі мақсаты – ӨҚ саласындағы корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша ПК іс-шараларының орындалу барысын үйлестіру мен бақылауды қамтамасыз ету және қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталған басқа да шаралар, ПК-ге «өндірістік қауіпсіздік» бағытын әлемдік стандарттар деңгейіне шығару мақсатында көшбасшылықты дамыту.

- «Қауіп-қатерлерді анықтау – қауіп-қатерлерді бақылау» алтын ережесі

Жазатайым оқиғаларды ерте диагностикалау және алдын алу мақсатында ПК ӨҚ түрлі бағыттарының сарапшыларының қатысуымен өнеркәсіптік объектілердің көшпелі айқаспалы аудиттері практикасы қолданылады. 2022 жылдан бастап Қор тобының 35 ұйымына тексеру жүргізілді, онда жазатайым оқиғалардың алғышарттары болып табылатын сәйкессіздіктер анықталды. Ұсынымдар берілді, оларды жоюды бақылау жүзеге асырылады.

ПК қызметіне қауіпті жағдайларды, қауіпті іс-қимылдарды, ықтимал қауіпті оқиғаларды (Near Miss) тіркеу, Қауіпсіздікті мінез-құлық бақылауларын жүргізу сияқты қауіптерді төмендетуге бағытталған жарақаттанудың алдын алудың белсенді құралдары белсенді енгізілуде. Оның үстіне, әрбір жұмыскер қауіпсіз орындалатын жұмыстарды тоқтата тұруға құқығы бар екенін біледі.

- «Мақсаттарды анықтау – бағдарламаларды әзірлеу» алтын ережесі

Қор тобының кәсіпорындары «нөлдiк жарақаттануға» қол жеткізуге, еңбектi қорғаудың, өнеркәсiптiк және өрт қауiпсiздiгiнiң жоғары деңгейiн қамтамасыз етуге және өз қызметкерлерiнiң денсаулығын қауiптi өндiрiстiк факторлардан қорғауға ұмтылады. Бұл үшiн ұлттық талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес ӨҚ-ны басқару жүйелерi ұдайы жетiлдiрiледi, мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бағдарламалар әзiрленедi.

ӨҚ саласындағы мақсаттар мен мiндеттер белгiленедi, бақыланады және қажеттiлiгiне қарай қайта қаралады.

Қор тобында белгiленген мерзiммен 33 нақты iс-шарадан тұратын «Өндiрiстiк қауiпсiздiк жөнiндегi 2024 жылға арналған iс-шаралар жоспары» бекiтiлiп, iске асырылуда. Жоспардың негiзгi iс-шаралары: қауiпсiздiк мәдениетiнiң деңгейiн арттыру, қауiпсiздiк мәселелерiнде басшылардың көшбасшылығын дамыту, жабдықтардың сенiмдiлiгiн және ықтимал төтенше жағдайларды жоюға әзiрлiктi қамтамасыз ету.

Цифрлық технологияларды қолдану сондай-ақ өндiрiстiң аса зиянды және қауiптi секторларында өндiрiстiк жарақаттану мен кәсiби сырқаттанушылық деңгейiн төмендетудiң пәрмендi әдiсi.

Қор тобында белгiлi бiр iстелген жұмыстар бар және есептiлiктiң ашықтығы мен коммуникацияның дамуының жеткiлiктi деңгейiн қамтамасыз ететiн, қауiп-қатерлердi сәйкестендiрудi және тәуекелдердi басқаруды жеңiлдететiн, еңбек жағдайлары бойынша объектiлердi сапалы аттестаттауға және жұмыс орындарын ұстау жөнiндегi шаралардың тиiмдiлiгiн арттыруға ықпал ететiн IT-шешiмдердi енгiзу оң қолдайды.

- «Еңбек қауiпсiздiгi мен гигиенасы жүйесiн құру – ұйымның жоғары деңгейiне қол жеткізу» алтын ережесi

Ұйымның жоғары деңгейiне қол жеткізу үшiн бiз ISO 45001 «Денсаулық сақтау және еңбек қауiпсiздiгi саласындағы менеджмент жүйесi» халықаралық стандартына сәйкес ӨҚ-ны тиiмдi басқару жүйесiн қолдауға ерекше көңiл бөлемiз.

ӨҚ саласындағы қызмет Өндiрiстiк қауiпсiздiк саласындағы саясатқа, ПК-ге, сондай-ақ қызметтердi жеткізушiлерге қолданылатын Өндiрiстiк қауiпсiздiктi басқару жөнiндегi корпоративтiк стандартқа сәйкес жүзеге асырылады.

2015 жылдан бастап Қор тобында ӨҚ саласындағы стандарттар, қағидалар мен саясат әзiрленуде, олар Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының талаптарына сәйкесiп қана қоймай, осы саладағы озық халықаралық практикаларға негiзделген.

Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес Қор «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейiнгi еңбек қауiпсiздiгi тұжырымдамасын» iске асыру бойынша жұмысты бастады.

Тұтастай алғанда, 2030 жылға дейiнгi Қауiпсiз еңбек тұжырымдамасы еңбектi қорғауды басқару жүйесiн дамытудың төрт негiзгi бағытын көздейдi: тәуекелге бағдарланған тәсiл негiзiнде еңбектi қорғаудың ұлттық жүйесiн жаңғырту; жұмыс

орындарында кәсіби тәуекелді төмендету үшін экономикалық ынталандыру; кәсіптік құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту; еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру.

Тұжырымдаманы іске асыру жұмыс орындарында кәсіби тәуекел деңгейін төмендетуге, еңбекті қорғау саласындағы құзыреттерді арттыруға, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша экономикалық ынталандыруды күшейтуге ықпал ететін болады.

Кәсіби тәуекелдерді интегралды бағалау моделін енгізуді, ұйымдардың цифрлық картасын жасауды және еңбек қауіпсіздігі саласында халықаралық стандарттарды енгізуді ескере отырып, ұлттық ЕҚБЖ жетілдірілетін болады.

Жұмыс берушілерді экономикалық ынталандыру үшін сақтандыру шарты шеңберінде сақтандыру тарифін қолдану ұсынылады, ол ұйымның кәсіби тәуекелін ескере отырып белгіленеді. Сақтандыру сыйлықақысы есебінен алдын алу және оңалту шараларына жұмыс берушінің шығындарын қаржыландыру тетігі қосымша енгізілетін болады.

Бұдан басқа кадрлық ресурстарды, материалдық-техникалық жарақтануды және ғылыми-білім беру әлеуетін дамыту үшін еңбекті қорғау саласындағы білім беру, ақпараттық, әдістемелік және консультациялық сипаттағы қызметтерді сапалы ұсыну үшін жағдайлар жасау жоспарлануда.

Тұжырымдаманы іске асыру қорытындылары бойынша ұлттық ЕҚБЖ бөлігі ретінде кәсіби тәуекелдерді байқау және талдау жүргізу үшін еңбекті қорғау саласындағы мониторинг жүйесі құрылатын болады.

Мониторинг жүйесі әртүрлі деңгейлерде бақылау шараларын жүргізу үшін пайдаланылатын болады, бұл өндірістік жарақаттардың төмен және жоғары тәуекелі арасындағы қазіргі айырмашылықтың қысқаруын көрсете отырып, өңірлік және салалық бөліністе ЕҚБЖ нәтижелілігінің көрсеткіштерін үдемелі жақсартуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

- «Жұмыс орындарында, білдектермен және жабдықтармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік пен гигиенаны қамтамасыз ету» алтын ережесі

Ауыр және өліммен аяқталатын авариялар мен жазатайым оқиғалардың туындау қаупін барынша азайту мақсатында ПҚ деңгейінде моральдық және физикалық жағынан тозған жабдықтар мен құрылыстарды техникалық қайта жарақтандырудың ұзақ мерзімді жоспарлары қолданылады. Оларды жаңарту кезең-кезеңімен жүзеге асырылады және өндірістік блоктар жұмыскерлерінің бақылауында болады.

Қауіпті өндірістік объектілердегі шартты аварияларды жою бойынша бірлесіп өткізілетін оқу-жаттығулар үлкен практикалық бағдарға ие. Мұндай жаттығуларды өткізудің мақсаты – объектінің аварияны жоюға дайындығын тексеру, оның ішінде персоналдың өз іс-қимылдарын білуі, авариялық-құтқару қызметіне ден қою, мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл

жасау, жұмыскерлер арасында зардап шеккендерді болдырмау және негізгі құрылыстар мен жабдықтардың бұзылуына жол бермеу.

- «Біліктілікті арттыру – кәсіби дағдыларды дамыту» алтын ережесі

Жұмыскерлердің құзыреттілігін арттыру мақсатында персоналды Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарының ең төменгі шегінен шығатын курстар мен бағдарламаларға оқыту жүйелі түрде жүргізіледі.

Ұлыбритания қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау институтының мақұлдауына ие болған «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» оқу курсы бойынша 2023 жылдың қорытындысы бойынша 428 ішкі жаттықтырушы мен 121 282 өндірістік жұмыскер оқытылды, жоспарда бұл санды 100%-ға дейін жеткізу көзделген.

«Samruk Business Academy» ЖМ базасында ПК жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру үшін «Health & Safety School» құрылды, ӨҚ түрлі бағыттары бойынша қауіпті жұмыс түрлері бойынша курстар сериясы әзірленді, олар бойынша оқыту 2024 жылы жалғасатын болады.

- «Кадрларға инвестициялау – қатысу арқылы ынталандыру» алтын ережесі

Мотивациялау және сыйақы жүйесі өндірістік процестердің қауіпсіздігіне мүдделі жұмыскерлердің шеңберін ұдайы кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қор тобында қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, ықтимал қауіпті оқиғаларды белсенді түрде тіркейтін, қауіпсіз емес жұмыстарды тоқтататын, сол арқылы жарақат алу жағдайларын болдырмайтын жұмыскерлерге сыйақы беру практикасы енгізілді.

2022 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының жыл сайынғы номинациясын ӨҚ саласындағы нәтижелерге қол жеткізгені үшін I орын түрінде беру тәжірибесі енгізілді. Осылайша жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақтелеком» АҚ, 2023 жылы – «KEGOC» АҚ бірінші орынға үміткер болып анықталды. Сондай-ақ ерлік көрсетіп, өмірін құтқарған 8 жұмыскер құрмет грамоталарымен және кәдесый сыйлықтарымен марапатталды.

Ірі ПК-ларда сондай-ақ ӨҚ саласында инновациялық идеялар байқауы, үздік балалар суреті, ҚЖЕК жұмыскерлері арасында олимпиада өткізіледі.

«7 алтын ережеге» сәйкес жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі және жүйелі іс-шаралар кешені болып табылады.

Қор тобындағы жұмыс нәтижелері бойынша жарақаттану көрсеткіштерінің жоспарлы төмендеуі байқалады, мысалы 2018 жылмен салыстырғанда 2023 жылы зардап шеккендердің нақты саны 28%-ға 165-тен 120-ға дейін төмендеді.

2023 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс уақытын жоғалтқан жарақаттар коэффициенті LTIF * 2022 жылмен салыстырғанда 12%-ға төмендеп, 0,14-ті құрады.

(Анықтама: Қор тобы бойынша LTIF есептеу кезінде медициналық қорытындыға сәйкес зардап шеккендер өлімге әкелетін және ауыр жарақаттар алған жоғары қауіп-қатерлі жазатайым оқиғалар ескеріледі).

Ауыр және өлім-жітіммен аяқталған жазатайым оқиғалар кезінде зардап шеккендер санының азаюы 17%-ды құрады, сонымен бірге зардап шеккендердің жалпы санының 8%-ға 111-ден 120-ға дейін өскені байқалады.

Жалпы алғанда, ауыр дәрежеге жатпайтын жазатайым оқиғалардың өсуі ашықтықтың артуымен байланысты, өйткені ӨҚ саласында есептілікті реттеу бойынша шаралар қабылданды, жазатайым оқиғаларды жасыруға жол берген ПК және ұйымдардың басшылары тәртіптік жауапкершілікке тартылды, бұл ақыр соңында барлық жұмыскерлердің жарақат алу жағдайларын тіркеуге әкелді.

Осы практика, тексерулерді сапалы жүргізу, жазатайым оқиғалардың түпкі себептерін анықтау және оларды жою бойынша тиісті түзету шараларын қабылдау кезінде, болашақта неғұрлым елеулі оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді.

8-бөлім. Өндірістік қауіпсіздік саласындағы 2024-2028 жылдар кезеңіне арналған стратегиялық нысаналы көрсеткіштер

13. ӨҚ саласындағы нәтижелілікті бағалау үшін көрсеткіштердің екі тобы қолданылады: кешігетін және озыңқы. Көрсеткіштердің теңгерімді жүйесі қызметтің озыңқы, сол сияқты кешіктірілетін көрсеткіштерінің кешенін қамтуы тиіс.

Кешігетін көрсеткіштер оқиғалар салдарын көрсетеді және ӨҚ басқару жүйесін жетілдіру жолындағы прогресті өлшеу үшін қажетті ӨҚ саласындағы дәстүрлі пайдаланылатын тиімділік көрсеткіштері болып табылады. Сонымен қатар кешігіп келе жатқан көрсеткіштердің төмендеуі оқиғалардың туындау қаупін төмендетпейді.

Озық көрсеткіштер ықтимал оқиғалардың себептерін жоюға, сондай-ақ олардың алдын алуға жұмыс істей отырып, жарақаттануды болдырмауға және азайтуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар немесе іс-әрекеттер болып табылады. Озыңқы индикаторлар компаниядағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі жалпы көрсеткіштерге және оларды ұдайы жетілдіруге бағдарланған.

Қор тобындағы ӨҚ-ны басқару жүйесінің дамуын қадағалау өлшемдері дамудың төрт бағытына сәйкес 1-кестеде берілген:

1) Адамдар және қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру;

2) Технологиялық жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) Төтенше жағдайлардың алдын алу;

4) Ақпараттық-түсіндіру жұмысы;

және келесі салаларға:

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштер;

- денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштер;

- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы көрсеткіштер;

- өрт қауіпсіздігі саласындағы көрсеткіштер;

- жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы көрсеткіштер;

Бағыттар кешігетін не озыңқы көрсеткіштерден тұрады.

ӨҚ берілген көрсеткіштерімен өндірістік процестің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Белгіленген көрсеткіштер Қор тобы бойынша өндірістік жағдай саласындағы ағымдағы жағдай негізінде қабылданды.

1-кесте

Р/с №	Жұмыс бағыты	Негізгі бастамалар	Тиімділікті бақылау метрикалары	2024	2025	2026	2027	2028
1	2	3	4	5	6	7	8	9
«АДАМДАР» БАҒЫТЫ								
1.	ӨҚ бойынша стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін қызметтің тиімділігін арттыру Қор тобы бойынша жарақаттану деңгейін төмендету	Жыл сайынғы «Самұрық-Қазына» өндірістік қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	Жұмыс уақытын жоғалтқан жарақаттар коэффициенті LTFI * Қордың тобы бойынша (Lost Time Injury Frequency Rate)	0,14	0,13	0,13	0,12	0,12

			Өлім-жітім жағдайларының коэффициенті FAR (Fatality accident rate)	2,5	2,5	2,3	2,3	2,0
2.	ӨҚ нәтижелеріне қатысты адам өмірі мен денсаулығы құндылығының басымдығы	Жұмыскерлердің дене бітімін сауықтыруға және қолдауға бағытталған іс-шаралар	Еңбек қызметімен байланысты емес өлім-жітім жағдайларының коэффициенті (Non-work related fatality rate)	0,09	0,09	0,08	0,08	0,07
			Медициналық көмекке жүгіну жағдайларын тіркеу (микрожарақат)	100%	100%	100%	100%	100%
3.	ӨҚ саласындағы барлық деңгейдегі басшылардың көшбасшылығын арттыру	Корпоративтік орталықтар мен еншілес және тәуелді ұйымдар/ ПК филиалдары басшыларының ӨҚ мәселелеріне бейімділігін арттыру	Өткен жылдың нәтижелерімен салыстырғанда сауалнама нәтижелері бойынша басшылардың бейімділік деңгейін арттыру	-	+5% 2024 жылға	+10% 2025 жылға	+10% 2026 жылға	+10% 2027 жылға
4.	Жұмыскерлерді арнайы киіммен және жеке қорғану құралдарымен уақтылы қамтамасыз ету	Жұмыскерлердің сапалы арнайы киіммен және жеке қорғану құралдарымен уақтылы қамтамасыз етілуін бақылау	Белгіленген нормаларға сәйкес арнайы киіммен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілген жұмыскерлердің пайызы	100%	100%	100%	100%	100%

5.	ӨҚ саласындағы Қор тобы жұмыскерлерінің біліктілігін, құзыреттілігін және практикалық дағдыларын арттыру	Жұмыстағы бұзушылықтарды азайту, сенімділік пен тиімділікті арттыру мақсатында жұмыскерлердің барлық деңгейлері үшін ішкі және сыртқы оқыту бағдарламаларын және ӨҚ бойынша курстарды әзірлеу және өткізу	Өндірістік персоналды «Қауіпсіз еңбек мәдениеті» курсы бойынша оқыту	100%	100%	100%	100%	100%
6.	ӨҚ саласындағы мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің біліктілігін, құзыреттілігін және практикалық дағдыларын арттыру	Жұмыстағы бұзушылықтарды азайту, сенімділік пен тиімділікті арттыру мақсатында жұмыскерлердің барлық деңгейлері үшін ішкі және сыртқы оқыту бағдарламаларын және ӨҚ бойынша курстарды әзірлеу және өткізу	«Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша жұмыстарды кемінде 1 жыл мерзімде орындайтын мердігерлік ұйымдардың және аутстаффингтің басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерін оқыту	50%	75%	100%	100%	100%

7.	<p>Қор деңгейінде ӨҚ саласында тұрақты тәжірибе алмасу</p>	<p>ӨҚ саласындағы халықаралық институттармен, университеттермен және қауымдастықтармен өзара іс-қимыл</p> <p>ӨҚ саласындағы шетелдік компаниялармен/ өнеркәсіп салаларының серіктестерімен өзара іс-қимыл</p> <p>HSE комитетінің алаңында тәжірибе алмасу</p>	<p>ӨҚ саласындағы халықаралық институттармен, университеттермен және қауымдастықтармен, шетелдік компаниялармен/ өнеркәсіп салаларының серіктестерімен ӨҚ мәселелері бойынша өзара іс-қимыл санын арттыру</p>	<3 кездесу емес	<4 кездесу емес	<5 кездесу емес	<6 кездесу емес	<6 кездесу емес
8.	<p>Өндірістік объектілерде жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) кезінде мердігерлік ұйымдарды басқару</p>	<p>Повышение качества управления подрядными организациями в области ПБ</p>	<p>Өндірістік объектілердегі мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлердің жазатайым оқиғалар санын жыл сайын төмендету (%)</p>	-	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%
9.	<p>Алдын алу шараларының оқиғалар салдарын оқшаулауға және жоюға бағытталған шаралар алдындағы басымдығы</p>	<p>ӨҚ қамтамасыз ету процестерімен процедураларын үнемі жетілдіру үшін ең жақсы тәжірибелерді қолдану</p> <p>Проактивті құралдарды қолдану жүйесін енгізу</p>	<p>Тіркелген ҚМК/ ҚМД санын арттыру</p>	-	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%

			Анықталған қауіпті жағдайлар/ қауіпті әрекеттер және ықтимал қауіпті оқиғалар санын арттыру	-	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%
			Тіркелген стоп-карталар санын арттыру	-	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%
10.	Қатысу үлесі кемінде 50 % болатын ПҚ ұйымдарының ISO 45001 сертификаты	ПҚ-де ISO 45001-2018 сәйкестік сертификатының болуы	ISO 45001-2018 сәйкестік сертификаты бар Қор тобы ұйымдарының саны	-	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%
11.	Мемлекеттік органдардың еңбекті қорғау саласында анықталған бұзушылықтар санын азайту	Заңнамалық талаптардың сақталуын корпоративтік бақылаудың тиімділігін арттыру Өндірістік бақылау сапасын арттыру	ҚР еңбек заңнамасының сақталуын тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы санына еңбекті қорғау саласында анықталған бұзушылықтар санын азайту	-	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%

«ЖАБДЫҚ» БАҒЫТЫ

12.	Моральдық және физикалық тозған жабдықтармен, ғимараттармен және құрылыстармен байланысты тәуекелдерді азайту	Пайдалану кезінде моральдық және физикалық тозған жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды қайта жарақтандыру жөніндегі жұмыс, олардың техникалық жай-күйіне байланысты ауыр және өліммен аяқталған авариялар мен жазатайым оқиғалардың туындау қаупі жоғары	техникалық қайта жарақтандыру жоспарын орындау %	100%	100%	100%	100%	100%
		Өндірістік объектілерде LOTO (Lockout-tagout) қауіпсіздік жүйесін пайдалану процесін енгізу	өндірістік объектілерде LOTO (Lockout-tagout) қауіпсіздік жүйесін енгізу %	100%	100%	100%	100%	100%
13.	Жерүсті көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін арттыру	Көлік құралдарын қауіпсіз басқару механизмдерін енгізу	Қор тобы ұйымдары жүргізушілерінің зардап шеккен жұмыскерлерінің кінәсінен жол-көлік оқиғаларының коэффициентін төмендету (MVCR)	-	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%
			Көлік құралдарын бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу %	-	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%	Былтырғы көрсеткішке +10%

14.	Мемлекеттік органдар анықтаған өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша анықталған бұзушылықтар санын азайту	Заңнамалық талаптардың сақталуын корпоративтік бақылаудың тиімділігін арттыру Өндірістік бақылау сапасын арттыру	ҚР еңбек заңнамасының сақталуын тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы санына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында анықталған бұзушылықтар санын азайту	-	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%	Былтырғы көрсеткіштен -10%
«ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ» БАҒЫТЫ								
15.	Күтпеген оқиғалардың барлық түрлеріне жауап беруге үнемі дайын болу	Аварияларды жою жоспарына сәйкес авариялар мен төтенше жағдайлардың алдын алуға дайындық үшін материалдық және қаржылық ресурстардың болуын қамтамасыз ету Өндірістік объектілерде және әкімшілік ғимараттарда өрт немесе авария туындаған жағдайда адамдарды эвакуациялау бойынша практикалық жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу	Өрт санын азайту	Былтырғы көрсеткіштен -5%	Былтырғы көрсеткіштен -5%	Былтырғы көрсеткіштен -5%	Былтырғы көрсеткіштен -5%	Былтырғы көрсеткіштен -5%

			Техногендік сипаттағы авариялар мен ТЖ-ға жол бермеу	0	0	0	0	0
			Практикалық жаттығулар санын көбейту	Былырғы көрсеткішке +10%	Былырғы көрсеткішке +10%	Былырғы көрсеткішке +10%	Былырғы көрсеткішке +10%	Былырғы көрсеткішке +10%
		Апаттар мен ТЖ-ға ден қоюда басшылықтың құзыретін арттыру	Апаттар мен ТЖ-ға ден қою бойынша курстарда оқытылған басшылар саны	-	Былырғы көрсеткішке +10%	Былырғы көрсеткішке +10%	Былырғы көрсеткішке +10%	Былырғы көрсеткішке +10%
16.	Мемлекеттік органдар анықтаған өрт қауіпсіздігі бойынша анықталған бұзушылықтар санын азайту	Заңнамалық талаптардың сақталуын корпоративтік бақылаудың тиімділігін арттыру Өндірістік бақылау сапасын арттыру	ҚР еңбек заңнамасының сақталуын тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың жалпы санына өрт қауіпсіздігі саласында анықталған бұзушылықтар санын азайту	-	Былырғы көрсеткіштен -10%	Былырғы көрсеткіштен -10%	Былырғы көрсеткіштен -10%	Былырғы көрсеткіштен -10%
«АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ" БАҒЫТЫ								

17.	Барлық мүдделі тараптар арасындағы ӨҚ мәселелері бойынша коммуникацияның тиімділігін арттыру	<p>Қор тобының бірінші басшыларының қатысуын арттыру</p> <p>ӨҚ мәселелері бойынша барлық жұмыскерлердің хабардарлығын арттыру</p> <p>Жаас жұмыскерлерді ӨҚ процестеріне тарту</p>	<p>ақпараттық бюллетеньдерді жіберу арқылы, оның ішінде цифрлық шешімдерді пайдалану арқылы немесе жоспардан тыс нұсқамалар шеңберінде Қор тобының барлық жұмыскерлерінің ПК-де болған ауыр және өлімге әкеп соқтырған жазатайым оқиғалардың мән-жайларымен танысқан жұмыскерлердің %-ы</p>	100%	100%	100%	100%	100%
			ӨҚ талаптарын сақтау қажеттілігі тақырыбында Қор және ПК Басқарма төрағаларынан өтініштер шығару	13	13	13	13	13
			Жұмыскерлердің балаларына арналған ӨҚ бойынша интерактивті шеберлік сыныптарын өткізу	<3 кездесу емес	<5 кездесу емес	<5 кездесу емес	<5 кездесу емес	<5 кездесу емес
			ӨҚ басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар санын арттыру	-	Быттырғы көрсеткішке +10%	Быттырғы көрсеткішке +10%	Быттырғы көрсеткішке +10%	Быттырғы көрсеткішке +10%

9-бөлім. Стратегияны іске асыру механизмдері

14. Стратегияның ӨҚ белгіленген көрсеткіштеріне қол жеткізудің негізгі механизмдері «Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қауіпсіздік жөніндегі жыл сайынғы іс-шаралар жоспарын және ӨҚ-ның түрлі бағыттары бойынша ПК мен олардың ұйымдарының ішкі жоспарларын әзірлеу және іске асыру болып табылады.

Стратегияны табысты іске асыру үшін келесі қадамдарға назар аудару қажет:

- қауіптерді талдау;
- оқыту және ақпараттандыру;
- техникалық құралдар;
- стандарттар мен нормалар;
- мониторинг және аудит;
- персоналды тарту;
- тиімді коммуникация;
- оқиғаларға реакция.

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алға қойылған міндеттерге қол жеткізу мақсатында жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің деңгейін арттыру, технологиялық жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету, ТЖ-ның алдын алу бойынша әзірлікті ұйымдастыру және Қор тобының жұмыскерлері арасында ақпараттық-түсіндіру науқаны жөніндегі іс-шараларға жыл сайын ақша қаражатын бөлу қажет..

10-бөлім. Стратегияны іске асыру мониторингі

15. Стратегияның нысаналы көрсеткіштері мониторинг және бақылау объектілері болып табылады. Мониторинг белгіленген нысаналы мәндерге қол жеткізу/ауытқу дәрежесін және олардың ескерту немесе түзету басқару шешімдерін қабылдау үшін ПК ӨҚ жай-күйіне әсерін анықтау мақсатында жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың қорытындылары бойынша жүргізіледі және Қордың өндірістік қауіпсіздікке жауапты құрылымдық бөлімшесі жүзеге асырады..

11-бөлім. Күтілетін нәтижелер

16. Стратегияның міндеттерін шешу жөніндегі іс-шараларды іске асыру мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- Қор тобы жұмыскерлерінің арасындағы жазатайым оқиғалардың санын азайту;
- ӨҚ жағдайын жақсарту үшін автоматтандырылған технологияларды, оның ішінде цифрлық шешімдерді енгізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану есебінен ӨҚ-ты басқару жүйесінің тиімділігін арттыру;
- Қор тобы қызметінің барлық түрлеріне қауіпсіз еңбек қағидаттарын қолдану;
- ӨҚ саласында мердігерлік ұйымдарды басқару жүйесінің тиімділігін арттыру;
- жұмыс орнында жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешуге жұмыскерлердің тартылуын арттыру.